

**"2022 жылы демалыс күндерін ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2021 жылғы 6 қазандағы № 713 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 7 қазандағы № 796 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "2022 жылы демалыс күндерін ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 қазандағы № 713 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Демалыс күндері:

2022 жылғы 5 наурыз сенбіден 2022 жылғы 7 наурыз дүйсенбіге;

2022 жылғы 27 тамыз сенбіден 2022 жылғы 29 тамыз дүйсенбіге;

2022 жылғы 22 қазан сенбіден 2022 жылғы 24 қазан дүйсенбіге ауыстырылсын."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов